

Ж.А. СҮЛЕЙМЕНОВА<sup>1</sup> , Б.С. ҚОРҒАНБЕКОВ<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: zhazs@mail.ru

<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: bolat64@mail.ru

## «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЖИНАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

**Аңдатпа.** Қазақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруда Қожа Ахмет Ясауи ілімі мен еңбектерінің маңызы зор. Оның еңбектерінің ішіндегі ең бірегейі – «Диуани хикмет» жинағы болып табылады. «Диуани хикмет» – мазмұны жағынан мінәжаттық толғаныстар, ғибратты әңгімелер, нақыл сөздер, философиялық түйіндеулер, пішіні жағынан симметриялық өлшемге құрылған, ырғақтық, тармақтық, шумақтық, ұйқастық қалыбы бар поэзиялық түрдегі, адамзатты имандылыққа, бауырмалдыққа, сүйіспеншілікке, мейірімділікке тәрбиелеуге арналған көлемді шығарма.

Хикметтер жинағы – түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің маңызды ескерткіші, ондағы даналық тұжырымдар мен философиялық ойлар қазіргі қоғам үшін де өте өзекті. Жинақ көшпелі тіршілік кешкен ортаға бағытталғандықтан, ауызша көркемдік дәстүрді басшылыққа алып жазылған. Сондықтан ол қазақ халқының ауыз әдебиетімен де тығыз байланысты. Хикметтер өзіне дейінгі фольклорлық және ауызша әдебиет дәстүрімен сабақтасып қана қоймастан, ауызша таралуының нәтижесінде, барлық түркілердің, әсіресе, қазақ фольклорының көптеген жанрларының, тақырыптарының, көркемдік түрлерінің қалыптасуына пәрменді ықпал етті.

Ғылыми мақаланың мақсаты – қазақ халқының ауыз әдебиеті мен Ясауидің «Диуани хикмет» жинағы арасындағы тамырластықтың, байланыс пен сабақтастықтың мазмұндық және пішіндік түрлерін айқындау. Мақала қазақ халқының ауызша көркемдік дәстүрінде Ясауи хикметтерінің бастау болған мазмұндық және көркемдік түрлерін саралауға, сондай-ақ ол екеуінің де тамыр тартқан ортақ көркемдік бұлақтарын айқындауға бағытталған.

Ясауи хикметтері бойынша талдауға алынған материалдар мен оның нәтижелері жаңадан теориялық еңбектерді жасауға негіз бола алады.

**Кілт сөздер:** фольклор жанры, хал ілімі, зікір, хикмет, сопылық дәстүр, рухани тәрбие, Ясауи тариқаты, редиф.

---

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Сүлейменова Ж.А., Қорғанбеков Б.С. «Диуани хикмет» жинағы және оның қазақ халқының ауыз әдебиетімен байланысы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №2 (128). – Б. 114–124. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.09>

### \*Cite us correctly:

Suleimenova J.A., Qorganbekov B.S. «Diwani hikmet» jinagy jane onyn qazaq halqynyn auyz adebietimen bailanysy [The Diwani Hikmet Collection and Its Relation to the Kazakh People Oral Literature] // *Jasaui universitetinin habarshysy*. – 2023. – №2(128). – B. 114–124. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.09>

**Zh.A. Suleimenova<sup>1</sup>, B.S. Korganbekov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: zhazs@mail.ru*

<sup>2</sup>*Candidate of Philological Sciences, Professor  
L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: bolat64@mail.ru*

### **The Diwani Hikmet Collection and Its Relation to the Kazakh People Oral Literature**

**Abstract.** The teachings and works of Hoja Ahmet Yasawi are of great importance to Kazakh national culture. The collection «Diwani Hikmet» is a unique work composed of symmetrical dimensions, in rhythmic, branching, rhyming style, containing many wise thoughts and philosophical generalizations. It is filled with reflections in the form of prayers, proverbs and stories to help educate humanity in faith, brotherhood, love and kindness.

The collection of wisdom is an important monument of culture and literature of the Turkic peoples, including the Kazakh people. The wisdom and philosophical thoughts it contains are very relevant even for the modern society. Since the collection is oriented towards a nomadic environment, it was written under the influence of oral artistic tradition. Therefore, it is closely related to the oral literature of the Kazakh people. Hikmet was not only related to the oral tradition of folklore and oral, folklore literature that preceded it. As a result of oral distribution, they have greatly influenced the formation of many genres, themes and art forms of the whole Turkic, and especially Kazakh, folklore.

The purpose of this research paper is to determine the content and form of connection and continuity between the oral literature of the Kazakh people and the collection of Yasawi «Diwani Hikmet». The article aims to describe the content and art forms of Yasawi wisdom that originated in the oral artistic tradition of the Kazakh people, as well as to identify common artistic origins from which they both are rooted.

The materials and results of the analysis of Hikmets of Yasawi can form the basis for the creation of new theoretical works.

**Keywords:** folklore genre, hal teaching, zikr, hikmet, Sufi tradition, spiritual education, Yasawi tarikhat, redif.

**Ж.А. Сулейменова<sup>1</sup>, Б.С. Корғанбеков<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: zhazs@mail.ru*

<sup>2</sup>*кандидат филологических наук, профессор  
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: bolat64@mail.ru*

### **Сборник «Дивани хикмет» и его связь с устной литературой казахского народа**

**Аннотация.** Учение и творчество Ходжи Ахмеда Ясави имеют большое значение для казахской национальной культуры. Сборник «Дивани хикмет» – это уникальное произведение, составленное из симметричных измерений, в ритмичном, разветвленном, рифмованном стиле, содержащее множество мудрых мыслей и философских обобщений. Оно наполнено размышлениями в форме молитв, пословицами и рассказами, помогающими воспитывать человечество в вере, братстве, любви и доброте.

Сборник хикметов является важным памятником культуры и литературы тюркских народов, в том числе казахского народа, содержащаяся в нем мудрость и философские мысли очень актуальны даже для современного общества. Поскольку сборник ориентирован на

кочевую среду, он писался под влиянием устной художественной традиции. Поэтому он тесно связан с устной литературой казахского народа. Хикметы не только были связаны с предшествовавшей им традицией устного фольклора и устной литературы, в результате устного распространения, они сильно повлияли на формирование многих жанров, тем и художественных форм всего тюркского, особенно казахского фольклора.

Цель научной статьи – определить содержание и форму связи, и преемственность между устной литературой казахского народа и сборником Ясави «Дивани хикмет». Статья направлена на описание содержания и художественных форм хикметов Ясави, зародившейся в устной художественной традиции казахского народа, а также на выявление общих художественных истоков, из которых они оба укоренились.

Материалы и результаты анализов хикметов Ясави могут стать основой для создания новых теоретических работ.

**Ключевые слова:** жанр фольклора, учение хал, зикр, хикмет, суфийская традиция, духовное образование, тарикат Ясави, редиф.

### Кіріспе

Қазақтың ежелгі дәуірден бастау алған ауызша халық шығармашылығына сол замандардағы да, одан бергі кездегі де халықтың басынан өткен тарихи оқиғалар мен жағдайлар өз ізін қалдырып отырған. Дегенмен де фольклорда нақты шындықтан гөрі сол шындыққа қатысты халықтың арман-аңсарлары көбірек жинақталады. Қаһармандық ертегілерде, ғашықтық жырларда, ғұрыптық өлең-жырларда, басқа да жанрларда қаһармандар ерлігі, әділетсіздікке қарсы шыққан жастардың бақытсыз қайғылы махаббаты, табиғат күштерімен күресте көрінетін халық қиялының ескірімес мысалдары мол. Сонымен қатар, қазақ халқының фольклор жанрларында исламдық-сопылық символикасына, сарындарына, көркемдік құралдарына тән ерекшеліктер де аз емес деп сенімді түрде айтуға болады және бұл аз зерттелген тақырыптардың бірі болып табылады. Фольклор жанрларының ислам мен Құранның негізгі ұғымдарын сопылық поэзия арқылы сіңіргенін байқауға болады. Бұл үдерісте Ясауи хикметтері жетекші қызмет атқарды.

Бұл жұмыс қазақ ауыз әдебиеті мен «Диуани хикмет» жинағының бір-біріне жанрлық, мазмұндық, бейнелілік және көркемдік жағынан әсер еткендігін зерттеуге арналған. Ясауи шығармашылығы мен қазақтың ұлттық мәдениеті арасындағы байланыс сырлары ашылған сайын олардың құндылығы да айқындала түсуде. Өткен ғасырларда қазақ халқы ешбір ғылыми зерттеулердің көмегінсіз-ақ Ясауи шығармаларын емін-еркін күнделікті өмірде нұсқаулық ретінде пайдаланып, рухани қажеттіліктерін қанағаттандырған болса, қазіргі кезде атеизмнің зардаптарынан кейін қоғамға бұл мәселені тәптіштеп түсіндіру үшін ғылыми көмек қажет. Э.Ф. Мамедова-Кекеч бұл жөнінде «Ахмет Ясауи – әдебиет тарихында із қалдырған түркі әлемі ғұламаларының бірі. Зерттеушілер оның «Диуани хикмет» еңбегіне әдеби-тарихи тұрғыдан баға беріп, түркі халықтарының асыл мұрасы» деген тұжырымға келген [1, 102-б.].

«Диуани хикметтің» терең мазмұны қарапайым адамдарды мейірімділікке, әділдікке шақырып, Алла мен адамға, барлық жаратылысқа деген сүйіспеншілікке ие болуына жол салды. Бұл жинақ берген рухани ілімдер көпшіліктің көңілінен орын алып, халық даналығымен астасып кетті. Халық рухани ілімді «хәл» ілімі деп те атады. Яғни «хәл» дегеніміз – адамдардың ішкі жан дүниесінің деңгейі. Оған А.Д. Мейірманов «Қал – теориялық ілім, хәл – бастан кешкен, өз тәжірибесінде іс-әрекет құлшылық ғибадатпен жеткен күйі» [2, 78-б.], – деген түсіндірме береді.

Ясауи заманында адамдар арасында рухани ілімдерді сіңіруге кедергі келтіретін материалдық заттарға тәуелді болу қаупі әлдеқайда аз болды және сөз мәдениеті

индивидуализмге бой алдырмады. Сөйтіп, көшпелілер әулие-әмбиені, дана тұлғаларды ардақтап, оларға басшылықты аманат етудің игі дәстүрін қалыптастырды. Қазақтың әр руының өз билері мен көсемдері болғаны осы дәстүрдің заңды жалғасы еді. Осыған орай, көшпелі түркілердің рухани ілімінің гүлденген кезеңінде ел басшылығына, билікке осы хал ілімін меңгерген тұлғалар сайланып, көпшілік оларды үлгі тұтты. Олар жалған заңдардан гөрі рухани деңгейі жоғары адамдардың шешімдері мен үкімдерін басшылыққа алды. Көшпелілер өркениетінде рухани ілім өкілдері ерекше орын алды. Тарихи дамудың әр кезеңінде осы ортадан шыққан дін өкілдерінің ойлары мен көзқарастарының ортақтығы олардың бір ілімнің, яғни ладунни (рухани) ілімінің өкілдері екенін көрсетеді.

Сопылық ілім түркілер арасында пайда болған кезде жаңа сипатқа ие болды. Отырықшы өмір салтына көшкен түркілердің әлеуметтік жіктелуінің нәтижесінде сопылық поэзия да негізгі екі бағытта дамыды. Оның бірі – ел билеушілері мен сарай төңірегіндегі әкімдер мен қызметкерлерге арналған әдебиет болса, екіншісі – қарапайым халыққа бағытталған поэзия болды. Яғни рухани ілім тек көшпенділердің ғана арасында емес, сонымен қатар отырықшылардың да арасында кеңінен таралды. Бұл жайлы Б. Қорғанбеков өзінің монографиясында: «Рухани ілімнің отырықшы елдерде де дамыған кездері аз емес, жазу мәдениетінің де қоғамға тигізген пайдасы өлшеусіз. Көшпелілер мәдениеті руханияттың дамуына қолайлы жағдай туғызды. Осы қолайлылық өз нәтижелерін беріп, көшпенділер арасынан шыққан әулиелер сан жағынан да, сапа жағынан да артықшылық танытты» [3, 16-б.], – дейді.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» шығармасы сопылық әдебиеттің көрнекті ескерткіші ғана емес, сонымен қатар, түркі халықтарының рухани басшылыққа алатын, адамгершілік құндылықтарын реттеп отыратын қастерлі мұрасы да болды. «Диуани хикмет» қазақ арасында жазбаша және ауызша түрде де дамыды. Дегенмен, соңғысы басымырақ болды. Әр шаңырақтағы адамдардың бір дәрежеде хикметті жатқа білуі Қожа Ахмет Ясауидің халық жүрегінен ерекше орын алуына мүмкіндік берді. «Диуани хикмет» арқылы сопылық ілімнің, дәлірек айтсақ, хал ілімінің мәні түсіндірілді. Бұл ілімді таратуда «Диуани хикметтің» пәрменді қызмет атқаруының басты себебі оның мазмұнының тереңдігімен қатар, өлшем және көркемдік құралдары жағынан халық поэзиясына барынша жақындығы еді.

### **Зерттеу әдістері**

Бұл зерттеу жұмысында тарихи-философиялық, әдеби-танымдық, тарихи-салыстырмалы және жүйелік талдау сияқты әдістер қолданылды.

Тарихи-философиялық әдістің негізгі идеясы философиялық теориялар мен позицияларды түсіну арқылы олардың тарихи және мәдени контекстін мұқият зерттеу. Яғни Ясауи хикметтерін негіз қыла отырып, сол дәуірдің оқиғаларын философиялық тұрғыда дұрыс интерпретациялау үшін аталған әдіс аса маңызды болып табылады.

Әдеби-танымдық әдіс арқылы Ясауи шығармаларының жалпы алғышарттары талданып, оқырмандардың когнитивтік поэтика тұрғысынан қабылдауына мүмкіндік береді. Ағылшын филологы Питер Стоквелл «Когнитивтік поэтика» терминін когнитивтік лингвистика мен психологиядан алынған концепцияларға негізделген әдеби зерттеулердің бүкіл кешеніне тиесілі» [4, 11-б.], – дейді. Яғни аталған әдіс Ясауи хикметтерін психологиялық жағынан қарастыруға, сол дәуірдегі рухани және қоғамдық сананың көркемдік шешімдерін когнитивті тұрғыда дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді.

Тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісі белгілі бір шындық бейнесін басқа да өзі тектес бейнелермен тікелей салыстыру, соған лайықты теория құру немесе бүгінгі күнге сілтеме жасау арқылы шығармадағы тарихи шындық пен көркем шындық қатынасын зерттейді. Әдетте, бұл әр түрлі уақыттағы және әр түрлі жерлердегі үдерістерді салыстыруды, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды талдауды қамтиды. Аталмыш әдіс Ясауи

заманындағы көркемдік ойлау мысалдарының қазақ ауыз әдебиетімен байланысын анықтап салыстыру үшін аса қажет.

### Талдау мен нәтижелер

Ясауи – түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының әдеуметтік және әдеби-мәдени тарихында ерекше орынға ие болған ұлы тұлға, рухани ұстаз. Түрік профессоры Осман Турер түркі әлемінде, әсіресе Орталық Азия түркілерінің арасында Ясауи тұлғасының исламдық және сопылық дәстүрлердің дамуында ерекше орын алатындығын айтып өтті [5]. «Диуани хикметтегі» имандылық, адамгершілік, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық туралы этикалық-дидактикалық тұжырымдар қазақ ақындары поэзиясында өзінің көркемдік жалғасын тапты. Ясауи хикметтерінің негізгі тақырыбы – Аллаға ғашықтық. Ислам діні өзінің қазақ даласы мен Орта Азия аймағына енуімен түркілік дүниетанымды түбегейлі қайта түлеткені белгілі. Исламдық құндылықтар, шариғат қағидалары жергілікті салт-дәстүрлермен үйлесіп, халықтың жүрегіне жол табуында Ясауидің насихаттаған «хәл» ілімінің орны өлшеусіз болды. Ұлы пәлсапашы мен оның шәкірт-дәріскерлері таратқан «хәл» ілімі жалпы қазақ мәдениетінің мазмұнына айналды. «Хәл» ілімі Ясауи хикметтерінің де, қазақ фольклорының да мазмұндық негізі болды. Олар бір мезгілде бір мазмұнның әр түрлі формалары ретінде әрекет ете отырып, «хәл» ілімін таратуда бір-бірін толықтыратын құралдарға айналды. «Диуани хикмет» қазақ мәдениетінің іргетасын нығайтуға күшті ықпал етті. Өйткені, ел ішінде хикметтерді жатқа білетіндер көп еді. Халық арасында оларды «хафиз» деп те атады.

Хикметтердің негізгі мазмұны рухани дүние болғандықтан, онда күнделікті өмірге қатысты мәселелер тым аз айтылды. Қарапайым халық хикметтерге үлкен құрметпен қараған. Қазіргі күнде хикметтердегі көпшілікке ұғынықсыз, түсініксіз мәселелерге өткен ғасырларда ерекше мән берілген болатын. Осы жөнінде Ж. Сүлейменова өзінің мақаласында атап өтіп, «Nevertheless, just as the senses in William Shakespeare's art are difficult to grasp for the general public nowadays due to cultural differences and linguistic shifts, so too the meanings that lie in the Divan-i Hikmet, nearly nine centuries later, may not be obvious to the modern reader» (Шекспир шығармаларындағы мәдени ерекшеліктер мен тіл өзгерістеріне байланысты мағынаны қалың жұртшылықтың бүгінгі таңда түсінуі қиынға соғатыны сияқты, тоғыз ғасырдан астам уақыт өткен «Диуани хикметтегі» де айтылған ой-мағыналар қазіргі оқырманға түсініксіз болуы мүмкін) [6, 2679-б.], – деген пікір білдірді. Халық айрықша назар салған хикметтер мазмұнындағы бөлімдер фольклорда дәстүрлі тақырыпқа айналып, жанрлық сипат та ала бастады. Мақтау, даттау, болжау сөздер, үгіт-насихат сөздерін дәстүрге айналдыруда хикметтер ықпалының күштірек болғандығы анық. Көне түркі фольклоры мен әдебиетінде шежірелік, өмірбаяндық тақырыптар кең орын алып, оның қазақ фольклорында жалғасын тапқаны сөзсіз. Көне түркі фольклорында кең тараған жанрлық белгілері, көркемдік амалдары, бейнелері барынша молынан қолданған Ясауидің жазу машығы кейінгі қазақ фольклорымен барынша сәйкес келді. Осының жарқын мысалы ретінде Ясауи хикметтерінің айтыс түрінде жазылғандығын, жоқтаудың кейбір композициялық құралдарының ортақтығын айтуға болады. Дұға мазмұнындағы хикметтер фольклордағы бата жанрына, хикметтердегі дәруіштер бейнесі халық эпосындағы бас қаһармандардың әрекетін бейнелеуде үлгі болды.

Қазақ фольклорында діни дастандарының тууына сюжетті хикметтер септігі көп тиді. Ал бұл өлең жолдарының өскелең ұрпаққа рухани тәрбие берудегі қызметі шексіз болды. «Диуани хикмет» пен қазақ фольклор үлгілері ауызша таралудың нәтижесінде бір-біріне жанрлық, бейнелік, көркемдік жағынан әсер етті. Әсіресе, бұл процестің бір желімен – хикметтерден қазақ фольклорына өтуі болды. Ясауи хикметтерінің ықпалымен қазақ ауыз әдебиетінде көркемдік дәстүрлер мен кейбір жанрлық формалар дамыды. Ол жайлы Б. Жетпісбаева өзінің зерттеу жұмысында атап өтіп, төмендегідей пікір қалдырды:

«Хикметтер «Қисса-дастан», «Терме» жанрларының гүлденуіне көп жағынан үлес қосқанын байқау қиын емес» [7, 35-б.]. Хикметтегі мінәжат мазмұны мен эпос қаһармандарының сөздерімен ұқсастығы осының дәлелі бола алады. Қазақ эпостарындағы мотивтер «Диуани хикметтегі» әулие-әнбиелер, Қызыр баба, шілтендер бейнесі және басқа да метафизикалық образдарға өте жақын болды. Бұл бейнелерді басқа халықтардың ұқсас эпикалық бейнелерімен салыстыру арқылы көруге болады. Осының бәрі Ясауи хикметтері мен қазақ фольклорының тығыз байланысын айғақтайды.

Ясауидің рухани ілімін таратуда зікір ғибадатының орны үлкен болды. Ол хикмет пен халық шығармашылығының өзара байланысуына зор ықпал етті. Зікір – «Алланы еске алу» деген мағынаны білдіреді. Алланы үнемі зікір ету – адам рухын зұлым күштердің иелігінен толық босатудың негізгі құралы болып табылады. Ясауи бұл туралы былай деп жазады:

Закир болып зикрин айтса келган нида,  
Шайтан лагин иетмиш фарсанг болғай жуда

немесе

Алла дибан куздин куйса, ғалам куяр,  
Хас бандам деб рахман егам иалғуз суяр.  
Иаш урниға қанын тукиб, иузни буяр,  
Хамдин айтса, шайтан лагин қачар, достлар [8, 120-б.].

Бұл шындықты кейінгі қазақ ақындары да жоғары бағалаған. Мысалға, Сүгір Бегендікұлы:

Қожа Ахмет Ясауи  
Зікір айтып зарлаған,  
Жүзінен иман шашылған,  
Зікірмен шайтан қашырған,  
Көкірек көзі ашылған [9], –

деп жырласа, Ақтан Керейұлы:

Зікірмен зарлап түн қатып,  
Нәпсісін шапқан балталап.  
Шайтанды сеспен қашырған,  
Көкірек көзі ашылған [9], –

дейді.

Қазақ фольклорында да «зікір» деген ұғым бар. Ондай зікір түрі, әсіресе, ертегілерде, эпостарда көптеп кездеседі. Егер Ясауи зікірін құдаймен тікелей қарым-қатынас жасау үшін діннен хабары бар діндар адам жасаса, ертегілердегі зікірді – құрғақшылықтың алдын алып, жауын-шашынды болдыру үшін, әйелдердің босануын жеңілдетіп, ауруларды емдеу үшін бақсы-балгерлер іске асырды. Алайда Ясауидің зікірі мен бақсылар зікірінің айрықша байланысы жоқ. Оларды ортақтастыратын бір ғана нәрсе – екі жағдайда да транстық күйге ену болды.

Ясауи хикметтерін талдау барысында жалпы мұсылмандық символиканың, өзіндік эпитеттер мен метафоралар жүйесінің бар екенін және Құдайды мадақтау мазмұнының басым екеніне көз жеткізе түстік. Біраз хикметтерде Аллаға, Мұхаммед пайғамбарға бағышталған редифтер бар. Дәл сол сияқты қазақ толғауларында да фразелогизмдер мен концептуалдық мәні бар эпитет, метафоралар және редиф түрлері кездеседі. Редиф жөнінде профессор С. Негимов: «Ұйқастың буындық құрылысына тоқталғанда өлең эвфониясын арттыратын редифті ұйқас та мол ұшырасады. Редиф дегеніміз – ұйқастан соң бір не бірнеше сөздің тұрақты қайталануы. Ұйқастың редифпен келуі буын мен дыбыс үндестігіне сәйкестелуі өлеңнің музыкалығына кең өріс ашады» [10], – дейді. Қазақ жырауларының өздері өмір сүрген кезеңде мемлекет басқару ісіне араласуынан да олардың туындыларынан ел басқарған хандарды мадақтауда редифтің жиі қолданылатыны сияқты Ясауи

хикметтерінде редифтердің Алламен, пайғамбармен, ақырзаманмен байланысты болып келетін тұстары көп. Мысалы, Бұқар жыраудың төмендегі толғауында автордың ішкі тебіренісі, толғанысы редиф арқылы айрықша көрінсе, Ясауидің 23-ші хикметі толығымен Мұхаммед пайғамбарды мадақтауға арналғандығын көреміз және мұнда да редифтің көркемдік қызметі осыған ұқсас:

**1-кесте – Ясауи хикметтері мен қазақ жыраулары толғауларындағы редиф құбылыстары**

Бұқар жырау	Ясауидің 23-ші хикметі
<p><i>Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай, Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай, Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай</i> [11, 37-б.].</p>	<p>Он сегіз мың ғаламға даңқы шыққан <b>Мұхаммед,</b> Отыз үш мың сахабаға басшы болған <b>Мұхаммед.</b> Жалаңаштар мен аштарға қанағат болған <b>Мұхаммед,</b> Кемтарлық көрген үмбетке шапағат болған <b>Мұхаммед.</b> Түнде жатып көз ілмей тілейтұғын <b>Мұхаммед,</b> Ғарып пенен жетімге құрмет қылған <b>Мұхаммед</b> [8, 36-б.].</p>

Ясауи хикметтері мен қазақ фольклоры жанларында осындай тәсілдер мен символдардың ұқсастығы олардың мазмұндық-пішіндік туыстығына қалтқысыз дәлел бола алады. Қазақ ақын-жырауларының шығармаларындағы шүкіршілік, қанағат, тәубашылдық сияқты ұғым-түсініктер – сопылық дүниетанымның теориялық негіздеріне жататын шарифат, тарихат, мағрифат, хақиқат сынды ұғымдармен тікелей байланысты болды. Қазақ ауыз әдебиеті мен Ясауи хикметтерін салыстыра отырып, «Диуани хикметтің» халықтың негізгі ізгілік идеяларын бойына сіңіріп, сан ғасырлар бойы түркі әлемінің рухани жетекші құралына айналғандығына куә болдық. Л.З. Бородовская хикметтерді мағыналарына қарай исламдық, сопылық, қасиетті-эзотерикалық деп топтастырып, олардың ислами-сопылық символдар мен бейнелерге бай екендігін анықтады [12, 107-б.]. Осындай хикметтер топтамасы қазақ ауыз әдебиетінде мақтау, даттау, болжау, насихат сөздердің дәстүрге айналуына ықпал етті.



**1-сурет – Ясауи хикметтерінің топтамасы**

Жалпымұсылмандық топқа Алланы мадақтау, Пайғамбарымыз Мұхаммед, шахада, қиямет күні, тозақ пен жұмақ, дәруіштер, Қағба сияқты хикметтер еңсе, сопылық хикметтерде зікір мен хақ ілімі айтылды. Яғни қазақ жерінде өмір сүрген ақын-жыраулардың

толғауларында да Аллаға мадақ, қиямет күні жайлы жырланып, олардың хикметтермен мазмұндық, контекстік байланысы көрінді. Мұндай байланыс мақал-мәтелдер, нақыл және шешендік сөздер, термелерде ғана емес, сонымен қатар, жоқтаулар мен батырлар жырларынан, қара өлеңдерден де аз байқалмайды.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі «Ер Төстік», «Алпамыс батыр» сияқты жыр мен ертегілердің негізгі идеясы – ерлік пен батырлықты дәріптеу болды. Бұл мәселелер Ясауи хикметінде де айтылды. Мұндағы «ерлік» ұғымы қазіргі қабылдауымыздағыдай тар мағынада емес, батырлықпен бірге шүкіршіліктің, адамдық қадір-қасиеттің, адалдықтың, ең бастысы, Алла жолындағы құрбандықтың мәнін де қамтиды. Ясауидің хикметінің бір шумағы толығымен батырлардың ерлігіне барабар қасиеттерді суреттейді:

Ғашық болсаң, асық жолда құрбан бол,  
Дидарды іздеп, дүниеден бет бұрған бол.  
Қайғы-дертке қайырымды нұрдан бол,  
Қаза кезде қадір-құрмет ел қылар [13, 137-б.].

Ясауидің бұл сөздері ерлік пен табандылықтың рухани азаттыққа жетудегі маңыздылығын атап көрсетеді және оны қаһармандық пейілдің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Яғни, Ясауидің осы шумақ жолдары адам баласына дүниенің материалдық құндылықтарын басты орынға қоймай, жанға рухани азық іздеп, қайғы келер болса да, оған төзімді болуды насихаттап отыр. Кез-келген адам алдамшы дүниенің қызығы мен байлығынан бас тарта алмасы анық, ондай дәрежеге тек төзімді, батыл, хәл ілімін толық түсініп, рухани дамыған адам ғана жете алады. Дәл сол секілді елді қорғайтын батырлар осындай рухани хәлде болуы маңызды. Осы жерден Ясауи хикметтерінің қазақ жырларындағы батырлардың мінездеулеріне, жалпы олардың бейнесін сомдауға негіз болғандығына еш қиындықсыз көз жеткізуге болады. Қазақтың ақын-жыраулары өз нәпсісін тәрбиелей білетін, кез-келген қиындыққа төтеп бере алатын адам ғана «батыр» атына ие бола алатындығы жөнінде жырлап, өздерінің дастандары арқылы кейінгі ұрпаққа Ясауидің теңдессіз идеяларын жеткізуге тырысты.

Ясауи сөз айтпас бұрын не айту керектігін ойлануды және көбірек үндемеуді насихаттайды. Оның пайымдауынша үнсіздік – қоғамдағы тыныштық пен келісімді сақтаудың басты жолы. Сонымен қатар, ол сөзге абай болу керектігін, көп сөйлеп, өзгені ренжітпеу керектігін үйретті.

Үмбетсің бе – Мұстафаға ер сана,  
Айтқанына жан-тәніңді бер сана.  
Түнде кайым, күндіз сайым дер сана,  
Сабандай боп сарғаяды шын үмбет [13, 147-б.].

Сол сияқты қазақ фольклорындағы үнсіздікті сақтау жөніндегі мақал-мәтелдер үндемеудің сөйлеуден гөрі жақсы шешім болып табылатындығын үйретеді. Мысалы «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын», «Көп сөйлеген көп қате жібереді» деген қазақтың мақалдары хикметтер мазмұнымен туыс. Ендеше, Ясауидің үнсіздік туралы хикметтері де, қазақтың мақал-мәтелдері де, тілдің саналы, мақсатты түрде ғана қолданылуының маңыздылығына назар аударып, қоғамдағы тыныштық пен келісімді сақтауға үйретеді.

Қазақ фольклорындағы аңыз-әңгімелерді қарастыра отырып, ондағы айтылатын періштелер, аруақ, Қызыр баба образдарының хикметтердегі үлгісімен де барынша жақын екенін аңғарамыз. Мәселен, Ясауи хикметтерінің бірінде адамдардың өліміне жауапты Әзірейіл періште екені және одан қорықпау керектігі, керісінше оны досындай қабылдау керектігі жөнінде айтылады. Қазақ ауыз әдебиетінде де жан алғыш періштеге қатысты аңыз-ертегілер аз емес. Ондай аңыздарының бірінде Әзірейіл ең белгілі періштелердің бірі және үлкен күшке ие екендігі жайлы айтылады. Ясауи хикметтеріндегідей, қазақ аңыздарында да



Әзірейілден қорықпау керектігін, өйткені ол Алланың қалауын орындайтындығын, оның келуі әрбір пенде үшін сөзсіз екендіні баяндалады.

**2-кесте – Ясауи хикметтері мен қазақ аңыздарындағы Әзірейіл бейнесі**

Ясауи хикметтері	Қазақ халқының аңыздары
<p>Түбі бір бұл дүниеден өтпек керек, Тағдыр берген шарапаттан ішпек керек. Әзірейілге әзіз жанды бермек керек, Мұнда сағынып, онда барғанда өкінбеймісің [14, 244-б.]?</p> <p>Күшті құдай пәрмен қылды адамға, Жерде, көкте өлмес пенде болмайды. Жеп жүрсін деп жіберді осы ғаламға, – Әзірейіл жанынды алмай қоймайды [13, 149-б.]?</p>	<p>Ерте кезде адам жанын алатын жаналғыш Әзірейіл көзге көрініп келіп, жан алады екен.</p> <p>Бірде байдың баласы жолда келе жатса, алдынан қолында аса таяғы бар ақсақалды қария қарсы ұшырасады.</p> <p>Бала сәлем беріп, жөн сұрайды: – Ата, кім боласыз? Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл деуші еді әкем. Жөн сұрасқанның айыбы жоқ шығар, - дейді. Қария: – Қалқам-ау, қайтесің менің кім екенімді, сен білмей-ақ қой, мен айтпай-ақ қояйын. Сенің білмегенің өзіңе жақсы болады, - деген екен.</p> <p>Сонда әлгі бала жанын қоймай сұрай берген соң амалсыздан қария: - Е-е, қалқам-ай, болмадың ғой, ендеше айтайын, мен ажал әкелуші Әзірейілмін, адамдардың ғұмыры мен жанын аламын, - депті де, бұрылып жөніне жөнеле беріпті [15, 172-б.]</p>

Қазақ фольклорында Қожа Ахмет Ясауидің өз бейнесі де сомдалған. Ол халық прозасы түріндегі шығармалардан орын алған. Бұл бейнелердің хикметтердегі автор бейнесін негізге алып жасалғаны әрдайым сезіліп тұрады. Мұны кейіпкер әрекеті мен сөзінен, сөйлеу мәнерінен, дүниетанымдық ерекшеліктерінен көре аламыз. Бұл аңыздардың деректілігі мен тарихилығының, өзара мазмұндық байланысының айқынырақ көрінуі осымен де байланысты.

Ясауи хикметтерінің көркемдік әлемінде дала кескіндемесінің, көшпелі өмірдің басым болуы оның тілдік құралдарынан көбірек байқалады. Олардың кейбіреулері көне түркі дүниетанымындағы, ескі дәстүрдегі идеялардан, наным-сенімдерден, ырымдардан туындайды. Хикметте фольклорға тән белгілердің анықталуы да оның ауызша таралуына бейімделгендігін дәлелдейді. Көркем қарым-қатынас мәселесін дәстүрлі негізде қарастыра отырып, экспрессивті қызметтегі шығарманың көркемдік тәсілдерін қарастырған жөн, ал ол әдіс өз кезегінде даналықтың ауыз әдебиетімен байланысты тұстарын дәлірек анықтай алады. Әсіресе, хикмет пен қазақ фольклорының ырғақтық байланысын жан-жақты зерттеу қажет. Оған психологтар мен музыкатанушылар атсалысса, осы мәселелер төңірегінде көптеген қызықты мәліметтерді ашуға болады. Ясауи шығармашылығының құндылықтық қабаттары бір ғана ғылым саласы тұрғысында толыққанды ашылуы мүмкін емес. Сондықтан осы мәселелердің зерттелу тарихына да ешқашан нүкте қойылмайды. Әсіресе, қазіргі таңда аталмыш сабақтастықтардың педагогикалық жақтарына да баса көңіл бөлудің зәрулігі бар.

Ясауи шығармаларының ұлттық мәдениетімізбен байланысын тереңдеп зерттеген сайын, оның тың құндылықтық қабаттарының ашыла түсері даусыз.

### Қорытынды

Ясауи ислам діні мен жергілікті дәстүрлерді біріктірді. Оның «Диуани хикметі» қазақ ауыз әдебиетімен ұштасуы халықты рухани сауықтырды. Ясауи түркі тілінде бейнелі де терең мазмұнды поэзия қалдырып, түркі тілінде де көркем шығарма жасау мүмкіндігінің зор екенін дәлелдеді. Өзінен бұрынғы жазба және ауыз әдебиетінен, әсіресе, фольклордан көп үлгі алған хикметтері түркі топырағындағы фольклордың түрленуіне тың серпін беріп, жаңа мазмұн әкеліп қана қоймай, оны әртараптандырды. Сөйтіп, ежелден дидактикалық сипат алған түркі әдебиеті насихаттық және мінажаттық тұжырымдармен толықты. Ясауи фольклор мен жазба әдебиеттерінің дәнекері бола отырып, хикметтерінде пайғамбарлар туралы, әулие-әнбилер жайлы жырлап, тарихи аңыздар мен дастандардың пайда болуына көп септігін тигізді. Ел басқаруға, батырлық пен шыдамдылыққа үндеген хикметтері негізінде фольклордағы қаһармандық образдар жаңа сипат алды.

Жергілікті халықтың әдет-ғұрпымен үйлесетін діни-мистикалық мектептің негізін қалаған Ясауи шығармашылығы сопылық поэзия дәстүріне негізделді. Қасиетті Құран кәрімнің арабша мағынасын толығырақ түсіндіру, шарият негіздерін, дін қағидаларын өз тілінде ұғынықты жеткізу үшін жергілікті халыққа жақын, төл поэзия тілінде хикметтер жазды. Осыған байланысты фольклорлық көркемдік құралдарға көбірек ден қойды. Өз кезегінде хикметтердің қазақ фольклорына күшті ықпал етуінің де басты себебі осы еді. Елдің рухани ахуалын бақылап отырған қазақ би-шешендерінің дені Ясауи жолының өкілдері болды. Олар көптеген фольклор жанрларының тудырушылары мен таратушылары болды. «Диуани хикмет» пен қазақ фольклорының жанрлары Ясауи үйреткен «хәл» ілімінің өркендеуіне, көп жағдайда, қатар қызмет етті.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Memmedova-Kekeç E. Ahmed Yesevi'nin yaşnamesinde "Bilge kışı" arketipi // Milli Folklor. – 2017. – №3 (116). – P. 101–111.
2. Мейірманов А.Д. Қожа Ахмет Ясауи хәл ілімінің философиялық қырлары // ҚР ҰҒА Хабаршысы. Әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2010. – № 5. – Б. 77–79.
3. Қорғанбеков Б.С. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры: Монография. – Алматы: Newbook, 2020. – 220 б.
4. Stockwell P. Cognitive poetics. – New York: Edinburgh University Press, 1991. – 193 p.
5. Osman T. Noca Ahmed Yesevi'nin Turk-Islam Tarihindeki yeri ve tasavvufi sahsiyeti // Atatürk Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. – 1995. – №12. – S. 11–27.
6. Suleimenova Zh., Abilkhamitkyzy R., Yskak B., Korganbekov B. Exploring Topics and Sentiment in the English Version of Yassawi's Divan-i Hikmet: A Text Mining Approach // Theory and Practice in Language Studies. – 2022. №.12 (12). – P. 2678–2686. DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1212.26>
7. Жетписбаева Б.А. Древнетюркская литература: учебник. – Алматы: Юридическая литература, 2007. – 254 с.
8. Иассауи Қ.А. Диуани хикмет: Ақыл кітабы. – Алматы: Өнер, 2007. – 312 б.
9. Кенжетай Д. Тарихи деректер: Пір-и түрк-истан Ахмет Ясауи / [Электронды ресурс]. URL: <https://ulagat.com/2020/07/14/тарихи-деректер-пір-и-түрк-и-стан-ahme/> (қаралған күні 15.12.2023).
10. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. – Алматы: Ғылым, 2001. – 280 б.
11. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. – Алматы: Мұраттас, – 1992. – 97 б.
12. Бородовская Л.З. Отражение традиций Ясавия в исламско-суфийской символике татарских фольклорных мунаджатов // Исламоведение. – 2016. Т. 7. – № 3 (29). – С. 103–117. DOI:10.21779/2077-8155-2016-7-3-103-117
13. Ясауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: Жалын, 1998. – 656 б.

14. Иасауи А. Хикмет Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи / Жинақты басп. дайынд.: М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, Ж. Кәріева. – Алматы: Жалын, 2002. – 272 б.
15. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: Аруна, 2006. – 252 б.

#### REFERENCES

1. Memmedova-Kekeç E. Ahmed Yesevi'nin yaşnamesinde “Bilge kışı” arketipi [The “wise man” archetype in Ahmed Yassawi’s Yashnama] // Milli Folklor. – 2017. – №3 (116). – P. 101–111. [in Turkish]
2. Meirmanov A.D. Qoja Ahmet Iasau hal iliminin filosofialyq qyrlary [Philosophical aspects of Hoja Ahmet Yasawi teachings] // QR UGA Habarshysy. Aleumettik gylymdar seriiasy. – 2010. – № 5. – B. 77–79. [in Kazakh]
3. Qorganbekov B.S. Qoja Ahmet Iasauidin «Diwani hikmeti» jane qazaq folklorы: Monografiia [“Diwani Hikmet” of Hoja Ahmet Yasawi and Kazakh folklore: Monograph]. – Almaty: Newbook, 2020. – 220 b. [in Kazakh]
4. Stockwell P. Cognitive poetics. – New York: Edinburgh University Press, 1991. – 193 p.
5. Osman T. Hoca Ahmed Yesevi'nin Turk-Islam Tarihindeki yeri ve tasavvufi sahsiyeti [The place of Hoja Ahmed Yasawi in Turk-Islamic history and his mystical personality] // Atatürk Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. – 1995. – №12. – S. 11–27. [in Turkish]
6. Suleimenova Zh., Abilkhamitkyzy R., Yskak B., Korganbekov B. Exploring Topics and Sentiment in the English Version of Yassawi’s Divan-i Hikmet: A Text Mining Approach // Theory and Practice in Language Studies. – 2022. №.12 (12). – P. 2678–2686. DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1212.26>
7. Jetpisbaeva B.A. Drevnetiurkskaia literatura: Uchebnik [Ancient Turkic literature: textbook]. – Almaty: Iuridicheskaiia literatura, 2007. – 254 c. [in Russian]
8. Iasau Q.A. Diwani hikmet: Aqyl kitaby [Diwani Hikmat: The Book of Wisdom]. – Almaty: Oner, 2007. – 312 b. [in Kazakh]
9. Kenjetai D. Tarihi derekter: Pir-i tyrk-istan Ahmet Jasau [Historical data: Pir-i Turkestan Ahmet Yasawi] / [Electronic resource]. URL: <https://ulagat.com/2020/07/14/tarihi-derekter-pir-i-tyrk-i-stan-ahme/> (qaralghan kuni 15.12.2023). [in Kazakh]
10. Negimov S. Aqyn-jyraular poeziiasy: Genezis. Stilistika. Poetika [The poets' poetry: Genesis. Stylistics. Poetika]. – Almaty: Gylym, 2001. – 280 b. [in Kazakh]
11. Buqar jyrau Qalqamanuly. Shygarmalary [The works of Bukhar zhyrau Kalkamanuly]. – Almaty: Murattas, – 1992. – 97 b. [in Kazakh]
12. Borodovskaia L.Z. Otrajenie tradicii Iasaviia v islamsko-sufiiskoi simvolike tatarskih folklornyh munadjatov [Reflection of Yasawi traditions in Islamic-Sufi symbolism in Tatar folklore munajat] // Islamovedenie. – 2016. T. 7. – № 3 (29). – S. 103–117. DOI:10.21779/2077-8155-2016-7-3-103-117 [in Russian]
13. Iasau Q.A. Hikmet jinaq: Danalyq syr [A collection of Hikmet: The Secret of Wisdom]. – Almaty: Jalyn, 1998. – 656 b. [in Kazakh]
14. Iasau A. Hikmet Haziret Sultan Qoja Ahmet Iasau [Hikmet Hazret Sultan Hoja Ahmet Yasawi] / Jinaqy basp. daiynd.: M. Jarmuhameduly, M. Shafigi, J. Karieva. – Almaty: Jalyn, 2002. – 272 b. [in Kazakh]
15. Janaidarov O. Ejelgi Qazaqstan mifleri. Qazaqstan balalar enciklopediiasy [Ancient Kazakh myths. Children's Encyclopaedia of Kazakhstan]. – Almaty: Aruna, 2006. – 252 b. [in Kazakh]